**"Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 270 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына және 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынадай:

1) «Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 ақпанда № 3455 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені» журналында 2005 жылы жарияланған, № 14, 69-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 337 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулардың тізбесінің 4) тармақшасының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 20 қаңтарда № 6013 болып тіркелген, «Заң газеті» 2010 жылғы 6 сәуірде № 47 (1669) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (С.Қ. Есімханов) бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне осы бұйрықтың көшірмесін жіберсін, сондай-ақ оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Премьер-Министрінің орынбасары -*

*Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК